



030017, Ақтөбе қаласы, Жаңақоныс, Жастар,
квартал 3, жер телімі 13 «А»
тел: 46-11-77; e mail: satbaev.licei@mail.ru
mail: satbaev.licei@mail.ru

030017, город Актобе, Новый, Жастар,
квартал 3, зем.участок 13 «А»
тел: 46-11-77; e

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

10.10.2023ж

№ 390 Н

**«Ата-аналарды педагогикалық қолдау»
орталығын құру туралы**

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» Ке АҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023 жылғы 15
тамыздағы № 4 хаттамасына сәйкес

Бұйырамын:

1. Мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылсын.
2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жетекшісі болып директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.А.Конисбаева бекітілсін.
3. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы бағдарламасын жүзеге асыруда төмендегі құрамда жұмыс тобы құрылсын:
 - Аға тәлімгер-Б.А.Әбдіқалықова
 - Мектеп психологі-А.Е.Өмірзақова
 - Әлеуметтік педагог-С.А.Тұяқ
 - Тарих пәнінің мұғалімі- Н.М.Мұңайтпасова
 - Бастауыш класс мұғалімі- Г.Х.Дощанова
 - 1-11класс жетекшілері
4. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын жоспарлауда Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының «Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдағы» №1 қосымша «Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы» негізге алынып, жұмыс жоспары құрылсын.
5. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының бағдарламасына сәйкес ата-аналарға арналған оқыту кестесі құрылсын.
6. Ата-аналармен өткізілген шаралардың ақпаратын әлеуметтік желілерге, БАҚ жариялау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары М.А.Конисбаева, Б.А.Әбдіқалықоваға жүктелсін.
7. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жанынан «Даналық мектебі» құрылсын.
 - 7.1. «Даналық мектебінің» жетекшісі болып А.С.Құлдықова бекітілсін.
 - 7.2. «Даналық» мектебінің жұмыс барысында «Аталар, әкелер, ағалар» және «Әжелер, аналар, жеңгелер» ақыл-кеңес үлгісі енгізілсін.
 - 7.3. «Даналық» мектебінің жұмыс жоспары құрылсын.
8. Осы бұйрықтың орындалуын қамтамасыз етуге директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары М.А.Конисбаева, Б.А.Әбдіқалықоваға жүктелсін

Қ. Сәтбаев атындағы орта
мектеп-лицей директоры



А.Д.Уразалина

**1-4 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЛДЕСУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ КЕСТЕСІ**

№	Тақырыбы	Мазмұны	Өткізілу уақыты	Жауаптылар
1	Отбасы - бақыт бесігі Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу	1. Балалардың әл-ауқаты оның бақытты өмірінің негізі 2. Ата-ананың баланың әл-ауқатына жауапкершілігі 3. Кішкентай балалардың жас және әлеуметтік ерекшеліктері 4. Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым-қатынас 5. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие әдістері	18.10.2023	Бисенова Г Есубаева Г Жангельдина Л Утениязова М Кушекбаева З
2	Білімдіге дүние жарық. Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?	1. Баланың жеке басын дамытудағы мектепке бейімделуінің маңызы 2. Баланың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін және мектепке бейімделуін диагностикалау 3. Баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері 4. Үй тапсырмасы: көмектесеміз бе әлде... 5. Балалардың оқуға қызығушылығын арттыру үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеті	24.11.2023	Кенжегазина А Байгожина Г Есенбаева Б Қосанова Д Абдигалиева М
3	Әрбір бала – жарық жұлдыз Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?	1. Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу 2. Баланың оқуына, мінез-құлқына және жасауына қарым-қатынас жасауына темпераменттің әсері. Ауру калса да, әдет калмайды. 3. Баланың даралығын темпераментіне сәйкес қалай ашуға болады?	22.12.2023	Бейсова Г Ахметова А Қасымхан Л Кидирбаева Ж Бурабаева Н Мухамбетова А Жантурсева М

		4. Әр баланың бірегейлігін ашудағы отбасы мен мектептің өзара әрекеті.		
4	Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?	1. Ойындар – баланы дамытудың негізгі құралы. 2. Интеллектуалды ойындар және олардың бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны дамытуға әсері. 3. Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалды ойындар. 4. Баланың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуда отбасы мен мектептің өзара әрекеті.	19.01.2024	Қожабек М Есеева Т Еришева К Хабибуллина Ж Дошанова Г
5	Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?	1. Компьютерлік ойындардың баланың психикасына әсері 2. Интернетті пайдалану режимін сақтау 3. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Баланы ойынға тәуелділіктен қалай қорғауға болады? 4. Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, оқу, серуендеу, театр және т. б.	16.02.2024	Бисенова Г Есубаева Г Жангельдина Л Утениязова М Кушекбаева З
6	Сенім арту - жетістік кепілі Қиын жағдайда баланы қалай колдау керек?	1. Бала өміріндегі қиындықтар 2. Агрессия, өтірік айту, ашулану және басқа қиын жағдайлардағы баланың сезімі. Әдепті бала - арлы бала, әдепсіз бала - сорлы бала 3. Қиын жағдайға қалған балаға түсіністікпен қарау 4. Қиын жағдайға қалған баланы колдаудың тиімді жолдары 5. Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену	15.03.2024	Кенжегазина А Байгожина Г Есенбаева Б Қосанова Д Абдигалиева М
7	Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер	1. Отбасында уақытты бірге өткізудің пайдасы. 2. Ата-ананың күнделікті өмірде үлгі болатын маңызды қасиеттері. 3. Балаға жақсы әдеттерді үйрету. 4. Уәдесін орындау – ата-ананың ең басты қағидасы. 5. Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі.	19.04.2024	Бейсова Г Ахметова А Қасымхан Л Кидирбаева Ж Бурабаева Н Мухамбетова А Жантуреева М

8	Тәлімменен өрілген біздің дәстүр Дәстүрлер отбасылық әл аukatтың негізі ретінде	1. Отбасылық дәстүрлердің өзектілігі. Отбасылық дәстүрлер – отбасындағы қарым-қатынасты нығайтудың, сенімнің, сүйіспеншіліктің көрінісі 2. Тәрбие тәліммен. Тату үйдің тамағы тәтті. Отбасылық дәстүрлер мен хоббилердің отбасының бірлігіне ықпалы 3. Отбасылық дәстүрлерді әдетке айналдыру жолдарын үйрету: практикалық әдістер 4. Мектеп пен ата-аналардың отбасылық дәстүрлерді сақтаудағы өзара байланысы, өзара құрмет және жаңа дәстүрлер қалыптастыру 5. Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабақтастығы	10.05.2024	Кенжегазина А Байгожина Г Есенбаева Б Қосанова Д Абдигалиева М
---	---	---	------------	---



**5-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПСИХОЛОГИКАЛЫҚ
ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ КЕСТЕСІ**

№	Тақырыбы	Мазмұны	Өткізілу уақыты	Жауаптылар
1.	Баланың бас ұстазы – ата-ана Позитивті тәрбие	1. Жасөспірімдердің жас және әлеуметтік ерекшеліктері 2. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеті – қателіктерді, кемшіліктерді, ауытқуларды түзету емес, жасөспірімге оң әсер ету 3. Позитивті ата-ананың ерекшеліктері: жағымсыз көңіл-күйден жағымды эмоциялардың басым болуы; жасөспірімнің бойындағы ізгі қасиеттерге назар аудару, күшті және жағымды мінез-құлық қасиеттерін дамыту 4. Позитивті тәрбиенің принциптері мен ережелері. Позитивті тәрбиенің ұлттық бастаулары 5. Ата-ананың позитивті тәрбие нәтижесіне қанағаттануы және психологиялық саулық	31.10.2023	Суесинова А Утепбергенова А Абдуалиева А Хамзаева С
2.	Ақыл айтпа, жол көрсет Жасөспірімнің бейімделуі	1. Жасөспірімнің физиологиялық (тұрғыда) бейімделуі, оның іс-әрекетін жақсарту жағдайлары. Ұлттық тамақтану мәдениеті - жасөспірімнің физиологиялық бейімделуінің мүмкіндігі 2. Жасөспірімнің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі: негізгі қиындықтар 3. Өзінді өзін сыйламасан, өзгеден сый дәметпе. Бейімделу процесіне жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының әсері 4. Жасөспірімнің отбасындағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту	17.11.2023	Максүтова А Татаманова Г Кенжебекова Ж Айтжанова А

		5. Жасөспірімнің табысты әлеуметтенуіндегі отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі		
3.	Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер	1. Мүшел жас. Жасөспірімнің жастық дағдарыстары, олардың көріністерінен шығу жолдары 2. Ата-аналар мен балалардың ортақ мүдделері – олардың өзара түсіністігінің негізі 3. Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек, конструктивті келіссөздер 4. Бір күндік ұрыстын қырық күндік қырсығы бар. Жанжал және оларды шешу жолдары 5. Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты сақтаудың шарты - кешіре білу	8.12.2023	Қойшығұлова С Убайтжанова А Шындаулова Ж Калдыбаева Ж
4.	Бұлақ көрсен, көзін аш. Тұлғаның бойындағы шығармашылықты дамыту	1. Отбасы жағдайында жасөспірімнің шығармашылық ойлауын дамыту әдістері 2. Ертегі ойлап табуға үйрету 3. Қазіргі отбасында балалар шығармашылығын дамытудағы ұлттық ойындардың маңызы 4. Балалармен жүргізілетін шығармашылық әрекеттің тиімділігін арттыру 5. Шығармашыл тұлғаны дамыту үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі	12.01.2024	Оспанова А Дағарова А Наротова Д Қартмағамбетова Б
5.	Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері. Жасөспірімнің желідегі әрекеті	1. Интернет және жасөспірімнің желідегі әрекетінің формалары 2. Жеткіншектердің интернетті пайдалануы: проблемалар, салдары және мүмкіндіктері 3. Ата-ананың жасөспірімді кибербуллингтен және интернет кеңістігіндегі қауіпті көздерден қорғау алгоритмі 4. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер...» Желідегі жасөспірімнің мінез-құлқына тәрбиенің әсері 5. Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету	9.02.2024	Иламанова Д Дәулетов А Калыкова А Аймағамбетова А

		бойынша мектеп пен ата-ананың өзара әрекеті		
6.	«Әр нәрсенің өлшемі бар...» «Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады	1. Жасөспірімнің қажеттіліктері мен қалаулары 2. Жасөспірім бойындағы қиын мінез-құлықтың белгілері 3. Жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі 4. Ашу - дұшпан, ақыл - дос. Өзін-өзі реттеу жолдары 5. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу	1.03.2024	Құлдықова А Отарбаев Б Бекенова Р
7.	Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары	1. Жасөспірімнің өміріндегі ең маңызды нәрсе – достық 2. Қазіргі балалардың достығы. Жасөспірім субмәдениеттері 3. Жасөспірімдер арасындағы қақтығыстар. Қорқыту. Әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы 4. Ата-аналардың мінез-құлық стратегиялары 5. «Қабылдау», «құрметтеу», «шынайылық» сияқты ұлттық құндылықтар – адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынастың негізі	12.04.2024	Бармашева Әбілдаева Ә Малайдарова А
8.	Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына Құндылықтар - отбасы бақытының негізі	1. Отбасылық құндылықтарды қолданудың өзектілігі 2. «Көңіл кең болса, үйдің тарлығы білінбес»: Қонақжайлылық - отбасы құндылықтарының негізі 3. «Мейірімді ата - Мейірімді бала». Ұлттық құндылықтарды отбасында қалыптастыру және сақтау жолдары. 4. Бабалар дәстүрі - ұрпаққа өсиеті - отбасының құндылығы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлерді талқылау және қолдану 5. Жасөспірімдер арасында ұлттық құндылықтарды сақтауда мектеп пен ата-ананың өзара әрекетінің маңызы	3.05.2024	Досмағанбетова Г Нургалиева Г Отарбаев Ж

Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей
директоры А. Д. Уразалина



10-11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ КЕСТЕСІ

№	Тақырыбы	Мазмұны	Өткізілу уақыты	Жауаптылар
1.	Боламын деген баланың бетін қакпа, белін бу...	- Жоғарғы сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері - Позитивті ата-ана тәрбиесі – жоғары сынып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау - Тұлға дамуының негізі – өз бетінше әрекет ету - Ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістері		Абдіқалықова С Мамырова Ғ
2.	Көркем мінез – баға жетпес байлық	- Эмоционалды интеллект және оның адам өміріне әсері - Эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас жасау, (шешім қабылдау) - Күйзеліс кезіндегі мінез-құлық алгоритмдері мен тиімді тәсілдер - Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті - Сезім көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер		Орынбасаров А Әбдіқалықова Б
3.	Сен жанбасаң лапылдап...	Кәсіп - өзін-өзі жүзеге асырудың негізі		Жамалова Г Егінбай Б

		2. Темперамент, қабілет, мінездің ерекшеліктерін ашу – өзін көрсетудің кілті 3. <i>Ұлы жол үйінің табалдырығынан басталады.</i> Балаңызға мамандық пен кәсіп түрлерін таңдауда қалай көмектесуге болады 4. Жоғары сынып оқушысының болашағын анықтауына кедергі болатын қиындықтар 5. Бойындағы бейімділікті дәл табу - өмірдегі бақыт пен табыстың негізі		
4.	Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы	1. Тәуелділік түрлері (тамақ, алкоголь, есірткі, химиялық заттар, вейп, құмар ойындар және т.б.) 2. Оқушы бойындағы тәуелділіктің белгілері 3. <i>Сынықтан өзгенің бәрі жұғады.</i> Тәуелділіктің алдын алу шаралары 4. Тәуелділіктің алдын алуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі		Абдіқалықова С Мамырова Ғ
5.	Жаксыдан қашпа, жаманға баспа...	1. Жоғарғы сынып оқушыларының интернет қауіпсіздігі 2. Жоғарғы сынып оқушыларының ойынға тәуелділігін диагностикалау 3. Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желілер мен интернетке тәуелді мінез-құлқы 4. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шаралары 5. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіне тәуелділіктің алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеті		Орынбасаров А Әбдіқалықова Б
6.	Күйзелістен шығар жол	1. <i>Көңіл жақсы болғаны – өмір жақсы болғаны.</i> Сіздің ресурстық жағдайыңызды қалай		Жамалова Г Егінбай Б

		қолдауға болады. Стресстен арылу әдістері 2. Эмоцияны бақылау – стресстен, күйзелістен шығудың жолы 3. Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және стресстің басқа да экстремалды көріністері 4. Қателесу - тәжірибе жинауға мүмкіндік береді 5. Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеті		
7.	Сүйіспеншілік – сыйластық кілті	1. Махаббат - отбасындағы эмоционалды тепе-тендіктің негізі. 2. «Айналайын» ұғымы, отбасында балаға жан-жақты қолдау көрсету 3. Эмоцияны білдірудегі шынайылық. Эмоционалды манипуляция. 4. Жоғары сынып оқушысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады		Абдіқалықова С Мамырова Ғ Орынбасаров А
8.	Атадан өсиет, анадан қасиет	1. Халық дәстүрі мен отбасы дәстүрінің байланысы. Ұрпақтар сабақтастығы алдыңғы ұрпақтан жастарға білім, құндылықтар, көзқарастар мен дәстүрлердің берілуі 2. <i>Ананың ізін қыз басар, атаның ізін ұл басар.</i> Әке мен ананың отбасындағы рөлі 3. Отбасы тәрбиесінде міндетті түрде ескерілетін мәселе - қазіргі балалардың даму ерекшеліктері 4. Қазіргі құбылмалы қоғамда отбасылық дәстүрлерді сақтау		Әбдіқалықова Б Жамалова Ғ Егінбай Б